

**«АИТВ инфекциясының алдын алу орталығының» жоспарға сәйкес
өндірістік жиналыштың**

ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қаласы

«30» қазан 2024 жыл

Күн тәртібінде: Жемқорлыққа қарсы күрес – бүгінгі күннің талабы

Катысқандар: «АИТВ инфекциясының алдын алу орталығының» қызметкерлері.

Шығып сөйлегендер

Ж.Асанова – Орталықтың заңгер кеңесшісі.

Медициналық көмек көрсету барысында медицина қызметкерлері тарапынан науқастардың құқығын бұзушылық жағдайларының алдын алу мақсатында, «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығының» бойынша қызметкерлердің арасында **Жемқорлыққа қарсы күрес – бүгінгі күннің талабы** атты баяндаманы толықтай оқылып таныстырылды.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыйбайлас жемқорлықпен күресу өзекті мәселе болып келеді. Сыйбайлас жемқорлық мемлекетті іштен ірітептін жетістіктерді жокқа шыгаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетін қауіпті дерт. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы дерптен күресу болып табылады. Сыйбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр.

Ұлken әлеуметтік қасірет болып табылатын бұл көрініс саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын. Әрбір қоғам дамуында күнгей жағымен қатар көленкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуатын жақсартып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздең шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыйбайлас жемқорлықпен күресті күшету – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз. Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыйбайлас жемқорлық көріністерінен туындастырын қауіп-қатерден ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу болып табылады. Осы заңмен, мемлекеттік міндетті атқаратын және де оларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін, мүмкіндіктерін пайдалана отырып,

пайда табу сыйбайлас жемқорлық деп анықталған. Мемлекеттік тиісті органдар сыйбайлас жемқорлықпен қуресті жүйелі түрде жалғастырып, пәрменді шараптар көріп отырғаны баршаға белгілі. Оның айтартылғатай нәтижесі де бар. Олар туралы бұқаралық баспасөз бетінде, теледидар және желілік арналар арқылы арқылы қоғам мүшелеңдеріне насиҳатталып келеді.

Жиналышқа барлығы: 28 қызметкер қатысты.

Жиналыштың шешімі:

Орталықтағы барлық қызметкерлердің осы аталған тақырыпқа байланысты құқық бұзушылыққа жол бермеуге онын жолын кесуге өз улестерін қосатындығын айтып өтті.

Жиналыш төрайымы

Хатшы

Ш. Утегенова

Ж.Асанова

